

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 26 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1835. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) қаулысымен

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесіне:

Ереженің барлық мәтіні бойынша "кредиттер", "кредиттердің", "депозиттер" деген сөздер тиісінше "заемдар", "заемдардың", "салымдар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

кіріспенің бірінші азатжолындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

кіріспенің екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебі деген ұғымды, оны жасау тәртібін және ұсыну мерзімін, сондай-ақ шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды . "

1 - т а р м а қ т а :

- 1), 3) және 11) тармақшалар алынып тасталсын;
2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) еншілес ұйым - банк тура (тікелей) немесе жанама (басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы) дауыс беретін акциялардың елу процентінен астамын иеленетін немесе дауыс беру мүмкіндігі бар немесе олардың арасында жасалған шартқа сәйкес (немесе өзге тәсілмен) осы заңды тұлға қабылдайтын шешімді анықтауға банктің мүмкіндігі болатын заңды тұлға;"

- 4) тармақшада екінші сөйлем алынып тасталсын;
10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) бағынышты ұйым - банк дауыс беретін акцияларының жиырма процентінен астамын иеленетін заңды тұлға;"

14) тармақша "бірігіп" деген сөзден кейін "шаруашылық" деген сөзбен толықтырылсын;

15) тармақша "бірлескен" деген сөзден кейін "шаруашылық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) жанама әдіс - таза кіріс немесе шығын ағымдағы активтерді және міндеттемелерді, ақшамен жасалмайтын операцияларды, сондай-ақ операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтің нәтижесі болып табылатын есептелген кірісті және шығынды алдыңғы кезеңмен салыстыра өзгерту арқылы түзетілетін әдіс .

Бұл әдіс топтың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шоғырландырылған баланстағы және шоғырландырылған есептегі ақпаратқа негізделген ;

17) банктік топ - банк қатысушысы болып табылатын банк және ұйым.";

3-тармақта "бақылауды жүзеге асыра алады" деген сөздер "шешімді айқындау мүмкіндігі болады" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бас банк шоғырландырылған қаржылық есепке өзінің барлық еншілес ұйымдарын енгізуі және мынадай жағдайларды қоспағанда үлеске қатысу әдісі бойынша бағынышты ұйымдарға инвестицияларды ескеруі тиіс:

1) еншілес ұйымдар, сондай-ақ бағынышты ұйымдарға инвестициялар жақын болашақта (алған күннен бастап алты айдан асырмай) сату мақсатында сатып алынғанда және еншілес ұйымның шешімін айқындау мүмкіндігі уақытша болғанда ;

2) еншілес немесе бағынышты ұйымдар, олардың бас банкке ақша беру қабілетін төмендететін қатаң ұзақ мерзімді шектеу жағдайында жұмыс істегенде.

"

6, 7, 8, 9, 19 және 31-тармақтар алынып тасталсын;

12-тармақтағы "шоғырландырылған қаржылық есеп беру нысандары" деген сөздер "шоғырландырылған қаржылық есеп беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылдық шоғырландырылған қаржылық есепті міндетті түрде тәуелсіз аудитор растауы қажет.";

2-бөлімнің атауындағы "нысандары және әдістемелері" деген сөздер алынып тасталсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Шоғырландыру мақсатында бас банктің және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептері активтер, міндеттемелер, өз капиталы, кіріс және шығыс баптарында көрсетілген сомаларды қосу арқылы әр бап және әр жол бойынша сипаты және мәні бойынша біріктіріледі. Бас банктің және оның бағынышты ұйымдарының қаржылық есептерін шоғырландыру құн әдісі және үлеске қатысу әдісі бойынша жүзеге асырылады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау үшін біріктіруге, түзетуге және бас банктің, оның еншілес және бағынышты ұйымдарының жекелеген қаржылық есептерінен шоғырландырылған қаржылық есепке ауыстырылуға жататын баптар белгіленеді.";

2-бөлім мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылсын:

"18-1. Шоғырландырылған қаржылық есеп Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жасалады.";

20, 21, 22, 27, 28-тармақтарында "бағынышты" деген сөз алынып тасталсын;

21-тармақтың 3) тармақшасы "жарғылық капитал" деген сөздерден кейін "бөлінбеген кіріс (шығын)" деген сөздермен толықтырылсын;

2-бөлім мынадай мазмұндағы 3-1-тараумен толықтырылсын:

"3-1-тарау. Бас банктің және оның бағынышты ұйымдарының шоғырландырылған қаржылық есептерін жасау тәртібі

33-1. Бас банктің және оның бағынышты ұйымдарының қаржылық есептерін шоғырландыру осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

33-2. Шоғырландырылған қаржылық есепте бас банктің бағынышты ұйымдарға инвестициялары үлеске қатысу әдісі бойынша есептеледі.

Үлеске қатысу әдісі мынадай белгілермен сипатталады:

1) инвестициялар сатып алынған сәттегі сатып алу құны бойынша есептеледі;

2) бағынышты ұйымның таза кіріс үлесі инвестициялардың баланстық құнын

көбейтеді, ал шығын үлесі - азайтады;

3) есептелетін дивидендтер сомасы инвестициялардың баланстық құнын азайту ретінде көрсетіледі.

33-3. Мынадай жағдайларда банктің жекелеген қаржылық есебінде оның бағынышты ұйымдарға инвестицияларын көрсету үшін құн әдісі пайдаланылады:

1) бағынышты ұйымдарға инвестициялар жақын болашақта (алған күннен бастап алты айдан асырмай) сату мақсатында сатып алынды;

2) бағынышты ұйымдар қатаң түрде ұзақ мерзімді шектеулер жағдайында ж ұ м ы с і с т е й д і .

Мынадай жағдайлар қатаң түрде ұзақ мерзімді шектеулердің шарттары болып т а б ы л а д ы :

1) бағынышты ұйым оның дивидендтік саясатына араласа алатын өкіметтің қадағалауында бола алатын;

2) бағынышты ұйым өз қызметін таза кірісті шет елге аударуға шектеу қойылған елде жүзеге асырғанда;

3) бағынышты ұйымның қызметін шектеудің пайда болуына әкеліп соқтыруы ықтимал саяси жағдай өзгергенде.

33-4. Бас банктің бағынышты ұйымының шығынындағы қатысу үлесі инвестициялардың баланстық құнына тең немесе одан артық болса, онда нольдік құнға дейін жеткізілетін шығындардың үлесі инвестициялардың баланстық құнын азайтып көрсетеді, ал инвестициялардың құнынан асып кеткен сома балансқа есептеледі. Бас банк бағынышты ұйымның таза кірісіне өзінің үлестік қатысуын таза кіріс үлесі есепке алынбаған таза шығын үлесіне тең болғаннан кейін ғ а н а көрсетеді.

33-5. Егер бағынышты ұйым активтерді қайта бағалайтын болса, қайта бағалауға байланысты бас банк үлесінің өзгеруі инвестициялардың баланстық құнын өсіреді (азайтады). Бас банктің инвестицияларының баланстық құнының өсуі өз капиталы бөлімінде қосымша төленбеген капитал ретінде көрсетіледі. Бас банктің инвестицияларының баланстық құнының кемуі бұрын бағалағанға дейін жүргізілген сома шегінде қосымша төленбеген капиталдың азаюымен көрінеді. Егер шығынның үлесі бұрын жүргізілген бағалағанға дейінгі сомадан асып кетсе, онда айырмашылық сомасы үлеске қатысу шығыны ретінде танылады.";

3 5 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "ірі" деген сөз алынып тасталсын;

2) тармақшадағы "үстінен қадағалауды жүзеге асыруға" деген сөздер " шешімін айқындауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) дауыс беруші акцияларының жартысынан астамы бас банктің иелігіндегі

ұйымдардың тізімі, бірақ олардың шешімін айқындауға бас банктің мүмкіндігі жоқ ; " ;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Ұлттық Банк белгілейтін банктік топтар үшін міндетті түрде сақталуы тиісті пруденциалдық нормативтерді есептеу банктердің шоғырландырылған қаржылық есебі негізінде жүзеге асырылады.

Банктік топтар үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібі және екінші деңгейдегі банктердің оларды орындағаны туралы есептерді ұсыну мерзімдері Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді. " ;

аталған Ереженің N 2 қосымшасында 9-жолдағы "түсім/зиян" деген сөздер "кіріс (шығын)" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған Ереженің N 3 қосымшасында 7-жолдағы "2.11" деген сандар "2.10" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қабылдасын ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігімен*

келісілген

2002 жыл 8 сәуір